

ШЫҒЫС № 13-02-543
14 04 2026 ж.

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2026 жылғы 13 сәуір күнгі №03-2193 санды шығыс хатына сәйкес «Жер Елшілері» және «Жасыл клубтар» жобаларын жүзеге асыру шеңберінде, сондай-ақ өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында төмендегіні хабарлайды:

I. 2026 жылдың 16 сәуір күні «Жасыл апта» Республикалық экологиялық челленджі өтеді.

Челлендж аясында білім алушылар мен педагогтердің белсенді қатысуымен экологиялық іс-шаралар (акциялар, сенбіліктер, эко-сабақтар) өткізу қажет. /ережесі қосымша тіркеледі/.

II. 2026 жылғы 15 сәуір мен 25 мамыр аралығында «Қазақстан бойынша орман отырғызу күндері» Республикалық экологиялық акция өтеді.

«Қазақстан бойынша орман отырғызу күндері» акциясы шеңберінде білім алушыларды, педагогтерді, ата-аналарды және жергілікті қоғамдастық өкілдерін тарта отырып, білім беру ұйымдарының аумақтарында ағаш отырғызуды ұйымдастыру ұсынылады.

Іс-шаралар білім алушылар мен педагогтерді табиғатты қадірлеуге, оны қорғауға және тәжірибелік жұмыстарға белсенді тартуға бағытталған.

Іс-шаралардың өткізу қорытындысы бойынша ұзақтығы 3 минутқа дейінгі бейнероликтер дайындалады:

- «Жасыл апта» республикалық экологиялық челленджі бойынша бейнероликте іс-шаралардың өту барысы көрініс табуы тиіс.


- «Қазақстан бойынша орман отырғызу күндері» экологиялық акциясы аясында дайындалатын бейнероликте білім алушылардың, педагогтердің және жергілікті қауымдастықтың қатысуымен ағаш отырғызу және көгалдандыру жұмыстарының барысы қамтылуы қажет.

Осыған байланысты, білім бөліміне қарасты білім беру мекемелері аталған іс-шараларға белсенді қатысуын және есепті материалдарды уақытылы орналастыруды қамтамасыз етуді сұрайды.

Атқарылған іс-шаралардың қорытынды ақпаратын **2026 жылдың 16 сәуір күні сағат 14:00-ге дейін** «Жасыл апта» республикалық экологиялық челленджі туралы қосымша жолданған кестеге сәйкес, «Қазақстан бойынша орман отырғызу күндері» акциясы бойынша **2026 жылдың 25 мамыр күні сағат 14:00-ге дейін** қосымша берілген кестеге сәйкес жолдауды тапсырады.

Қосымша: 2 парақта (ережесі мен есеті кесте)

**Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы**



Б.Самылтыров

**Жер Елшілері» және «Жасыл клубтар» жобаларын жүзеге асыру шеңберінде өткізілген «Жасыл апта»
Республикалық экологиялық челленджі**
16.04.2026 ж

№	Іс-шара атауы /акция, сенбіліктер, эко-сабақтар/	Өткізу мерзімі	Мектептің атауы	Қамтылған балалар саны	Қамтылған педагог саны	Бейнероликтің сілтемесі	Фото
1						13 минут регламентте, #Жасылалта #ЖерЕлшілері #Жасылклубтар хэштегімен, https://www.instagram.com/itmsdo.kz Инстаграм парақшасымен біріскен авторлықта рәсімделуі тиіс/	/сапалы фото коллаж/

2 кесте

**Жер Елшілері» және «Жасыл клубтар» жобаларын жүзеге асыру шеңберінде өткізілген «Қазақстан бойынша орман
отырғызу күндері» Республикалық экологиялық акция**
15.04.-25.05.2026 ж

№	Іс-шара атауы /акция, сенбіліктер, эко-сабақтар/	Өткізу мерзімі	Мектептің атауы	Қамтылған балалар саны/ қамтылған педагог саны/	Отырғызған ағаштар мен көгалдандыру шараларының саны	Бейнероликтің сілтемесі	Фото
1				қамтылған жергілікті қауымдаст ық саны	Мүл: 15 түл жеміс ағаштары, 15 түл туя, 10 түл шырша, т.с.с	13 минут регламентте, #Жасылалта #ЖерЕлшілері #Жасылклубтар хэштегімен, https://www.instagram.com/itmsdo.kz Инстаграм парақшасымен біріскен авторлықта рәсімделуі тиіс/	/сапалы фото коллаж/

«Жасыл апта» Республикалық экологиялық челлендж ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

«Жасыл апта» Республикалық экологиялық челленджі «Жер Елшілері» және «Жасыл клубтар» жобалары шеңберінде өткізіледі және көгалдандыру және экологиялық ағарту жөніндегі экологиялық бастамаларды біріктіреді.

2. Мақсаты: экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру және табиғатты қорғау қызметінің тәжірибелік дағдыларын дамыту.

3. Міндеттері: Білім алушыларды экологиялық бастамаларға тарту; экологиялық ойлауды дамыту; көгалдандыру мен табиғатты қорғауды насихаттау; мектептегі экологиялық қауымдастықтарды дамыту.

4. Қатысушылар: орта білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтері.

5. Өткізу мерзімі: 2026 жылғы 16 сәуір күні «Жасыл апта» Республикалық экологиялық челленджі өтеді:

6. Қатысу шарттары

Қатысушыларға экологиялық іс-шаралар өткізу (сенбіліктер, акциялар, эко-сабақтар); бейнеролик дайындау (3 минутқа дейін); әлеуметтік желілерде #ЖасылАпта #ЖерЕлшілері #ЖасылКлубтар хэштегтері бар материалдарды орналастыру қажет

7. Есептілік

Бейнеролик өңірдің қатысу күні ұйымның әлеуметтік желілерінде міндетті түрде жарияланып, <https://www.instagram.com/rumedo.kz> Instagram-парақшасымен бірлескен авторлықта рәсімделуі тиіс.